

## 6B02302 – ФИЛОЛОГИЯ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Филология саласындағы заманауи білімдерді игерген, ғылыми, білім беру және редакциялық салаларда кәсіби қызметке дайын бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау.

### 1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТРИБУТТАРЫ

#### **Бағдары:**

Инновациялық ғылыми-білім беру орталығы болу

#### **Миссиясы:**

Үздік әлемдік тәжірибелер негізінде көшбасшы қыздарды даярлау арқылы адами капиталдың қалыптасуына үлес қосу.

#### **Бағдарламаның мақсаты:**

Филология саласындағы заманауи білімдерді игерген, ғылыми, білім беру және редакциялық салаларда кәсіби қызметке дайын бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау.

#### **Құндылықтары:**

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

#### **Университет түлегінің атрибуттары:**

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Өртүрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

### 1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

*БББ өзектілігі.* Білім беру бағдарламасы ҚР Ұлттық ішкі саясаттың бағыттары мен мақсаттарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарымен байланысты. Тіл саясатының негізгі факторлары: мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын стандарттау және жетілдіру; оқытудың инфрақұрылымын дамыту; мемлекеттік тілді оқыту процесін ынталандыру; мемлекеттік тілді кеңінен қолдануды насихаттау, мемлекеттік тілді қолданудың беделін арттыру; мемлекеттік тілдің қажеттілігін арттыру болып табылады.

Халықаралық ғылыми және мәдени байланыстардың дамуы түрлі тілдік орталар мен ұжымдарда тілдік қарым-қатынасқа, түсуге қабілетті мамандар

даярлауды талап етеді. Бүгінгі таңда адамның жалпы мәдени дәрежесіне қойылатын талаптар артып отырған жағдайда, практиканың қажеттілігі және тілдік тәжірибеге бейімдеу талаптары филологиялық дайындықпен байланысты болмақ. Қазіргі таңда түрлі қоғам салаларында – педагогтен бастап басшы, аудармашы, креативті директор, журналист, редактор, кадрлық саясат маманына дейін филологтарға сұраныс артып келеді.

**Нарықтың қажеттілігі.** Статистикалық талдау «<http://stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/5>», ресми сайтының және 2019 жылы Алматы қ. «Ақпараттық-аналитикалық орталығы» АҚ «Білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинағының негізінде өткізілді.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2021-2022 оқу жылында Қазақстанда 7 393 жалпы білім беретін мектеп, оның ішінде 2 055 қалалық және 5338 ауылдық мектеп (72%), 769 колледж бен 124 ЖОО бар. Жалпы саны 8286 білім мекемесі педагогикалық оқу орындарының түлектері үшін потенциалды жұмыс берушілер болып табылады. Сонымен қатар «6B02302 – Филология» білім беру бағдарламасы түлектері ғылыми-зерттеу мекемелерінде, мемлекеттік тілді дамыту орталықтарында, аударма бюролары мен баспа орындарында жұмыс істей алатынын ескерсек, жұмыс орындары қалалық жерлерден де, ауылдық жерлерден де табылады. Осылайша, біз бұл мәліметтерді біздің түлектеріміздің жұмысқа орналасу орны ретінде қарастыра аламыз.

[www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) сайтының мәліметі бойынша, филолог мамандарға деген сұраныс төмендегідей:

- орта мектеп мұғалімдеріне деген сұраныс – 45 адам;
- колледж оқытушыларына – 20 адам;
- аудармашыларға – 10 адам;
- журналист – 10 адам;
- филологиялық білімі бар менеджер, администраторларға – 15 адам.

2021 жылы түлектердің жұмысқа орналасу пайызы - 69%, орташа жалақысы - 100 мың теңгені құрады ([atameken.kz](http://atameken.kz)).

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде студенттерді қабылдау және бітіру жөніндегі деректерді талдай келе, білім алушылар контингентінің 85% - ын Алматы қаласынан (9,8%), Алматы (20%), Түркістан (43,5%), Қызылорда (6,9%), Жамбыл (4,9%) облыстарынан келген қыздар құрайтынын атап өткен жөн.

Осылайша, жоғарыда аталған өңірлерден және Алматы қаласынан келген талапкерлер үшін Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті логистика тұрғысынан тартымды болып қала береді, сонымен қатар ауыл жастары үшін күніне тегін тамақтану ақысы және жатақханаларға жеңілдетілген бағамен орналастыру ұсынылады.

#### 1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Өмер Халисдемир университеті (Түркия) (Шарттық№ және күні).
Қосдипломды бағдарлама	Өмер Халисдемир университеті (Түркия) (Шарттық№ және күні).
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	«Спичрайтер-шешен»

## **Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі**

Гарвард университетімен сәйкестік – 40%;

Қазан Федералды университетімен (Ресей Федерациясы) сәйкестік – 65% ды құрайды;

Л.М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетімен сәйкестік – 60%;

Стамбул университетімен сәйкестік – 25%.

## **1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТИҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ**

Кәсіби қызмет түрлері:

- Жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар мен лицейлер, колледждер оқу-тәрбие;
- ғылыми-зерттеу орталықтары ;
- шығармашылық ұйымдар ;
- мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар;
- баспа ісі, журналистика.

## **1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ**

### **1 кәсіби құзыреттілік саласы**

Білім беру саласында – филолог-маман;

### **2 кәсіби құзыреттілік саласы**

ғылым саласында, тіл орталықтарында – жетекші маман;

### **3 кәсіби құзыреттілік саласы**

бұқаралық-ақпарат құралдары мен баспа ісінде – редактор, журналист; мәдениет саласында – барлық филологиялық қызметтерді;

### **4 кәсіби құзыреттілік саласы**

әлеуметтік-гуманитарлық қызметтерде, мұрағаттарда, денсаулық саласында, мемлекеттік басқару орындарында тіл оқыту және жетекші маман қызметтерін атқара алады.

## **1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

**ОН 1** - Студенттер өздерін жаһандық азаматтар және цифрлық қоғамның жауапты мүшелері ретінде таниды, цифрлық ақпарат пен технологияларды қауіпсіз пайдалануға, этикалық және құқықтық стандарттарды сақтауға ықпал етеді. Студенттер топтық жұмысты ұйымдастыра отырып, өзінің осы топтың бір бөлігі ретінде сезінеді, инклюзивті орта құра алады және тұлғааралық өзара әрекеттесу жағдайында эмоционалды тұрақты, өзгермелі әлеуметтік-кәсіби жағдайларға бейімделе алады. Студенттер өздерінің кәсіби және педагогикалық қызметін жүзеге

асыру барысында ұйымдық мәдениет пен қауымдастықтардағы оң өзгерістерді бастауға және жүзеге асыруға қабілетті.

**ОН 2** – Студенттер талдау жасай алады, белсенді рефлексия процесіне қатысады, әлеуметтік және кәсіби салада өзіндік көзқарасын дәлелдей алады, интегративті процестердің заманауи өнімі ретінде осы ғылымдар туралы білімін бағалай алады, қорытынды жасайды және жіктей алады. Студент өмірдің барлық аспектілерінде өзін-өзі реттеу қағидаларын қолданады, белсенді өмір салтын ұстанады, тұлғалық өсу үшін интроспекциямен айналыса алады және кәсіби өсуі үшін өз тәжірибесіне рефлексия жасай алады. Студент жаңа білімді игеруге деген ынтасын көрсетеді, ақпаратты алу және талдау үшін зерттеушілік ізденімпаздығы бар.

**ОН 3** – Студент әртүрлі қауымдастықтарда 3 тілде оңай сөйлесе алады, түрлі идеялар мен ақпаратты тиімді жеткізу дағдылары қалыптасқан. Студенттер академиялық жазу және сөйлеу шеберлігі арқылы ғылыми ақпаратты әртүрлі тәсілдермен жинап, талдап, дәлелдей алады және кең аудиторияның назарына ұсына алады. Студенттер кәсіби, әлеуметтік-мәдени және жеке мәселелерді шешуде сыни және шығармашылық көзқарасты қолдануға ынталандырылған.

**ОН 4** – Қазақ тілінің даму тарихы туралы білімі негізінде, латын графикасын қолданудағы мәселелерді шешуге қабілетті.

**ОН 5** – Түркі мәтіндерінің тілдік ерекшеліктеріне салыстырмалы синхронды және диахронды талдау жасайды.

**ОН 6** – Әдебиеттанудағы теориялық база мен инновациялық теорияларды синтездейді.

**ОН 7** – Қазақ және әлем әдебиеті дамуындағы әр кезең ерекшеліктері туралы біліміне сүйене отырып, кәсіби мәселелерді шешеді.

**ОН 8** – Ұлттың рухани-танымдық дамуындағы қазақ әдебиеті туындыларының рөліне баға береді.

**ОН 9** – Кәсіби қызметте тіл білімі салаларының негізгі (базалық) қағидаларын орынды пайдаланады.

**ОН 10** – Білім берудің жаңартылған мазмұнында, тәжірибе жүзінде цифрлық технологиялар мен әдістерді қолданады.

**ОН 11** – Шешендік өнер мен академиялық жазу шеберлігі машықтарын көрсетеді.

**ОН 12** – Қазақ филологиясының даму перспективасы мен қазіргі ахуалын зерттейді.

### **БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы**

	<b>ОН 1</b>	<b>ОН 2</b>	<b>ОН 3</b>	<b>ОН 4</b>	<b>ОН 5</b>	<b>ОН 6</b>	<b>ОН 7</b>	<b>ОН 8</b>	<b>ОН 9</b>	<b>ОН 10</b>	<b>ОН 11</b>	<b>ОН 12</b>
<b>ТА1</b>	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
<b>ТА 2</b>	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
<b>ТА 3</b>	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
<b>ТА 4</b>	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
<b>ТА 5</b>	+	+	+		+			+	+	+	+	+
<b>ТА 6</b>	+	+	+	+					+	+	+	+

## 1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 13 қазанда № 30139 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді. «Білім туралы»; Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына, «Құқықтық актілер туралы»; Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына және 36-бабына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы»; Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 11 маусымдағы № 917 Жарлығына сәйкес бұйрығы;